



1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды трансформациялау жағдайында балалардың дамуын қамтамасыз етуге қабілетті көшбасшылық қасиеттерге, икемді дағдыларға ие, инновациялық қызметке дайын кәсіби құзыретті мамандарды даярлау.

1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Білім беру бағдарламасының түрі	Ағымдағы
Білім беру бағдарламасының атауы	6В01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
Білім беру саласы	6В01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыты	6В012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы
Білім беру бағдарламасының тобы	В002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы	Білім беру бағдарламасы 6В012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен «04» тамыз 2020 ж. берілген № KZ75LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады.
БББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні	№6В01200026 27.07.2023
ҰБТ пәндері	Биология География
ҰБШ бойынша деңгейі	Бакалавриат, деңгей 6
Берілетін дәреже	6В01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
Білім беру бағдарламасын аккредиттеу	ACQUIN, 30.09.2021 – 30.09.2027 жж.
Білім беру бағдарламасының рейтингі	<i>Атамекен:</i> 2021 ж. – 19 ішінен 7 орын; 2022 ж. – 27 ішінен 4 орын
Жалпы академиялық кредит саны	240 кредит
Оқу мерзімі	4 жыл

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.



- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі.

Жоғары білім беру жүйесіндегі оның мазмұнын жаңартуға, оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологияларын енгізуге, білім алушылардың жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға байланысты қазіргі заманғы өзгерістер табысты кәсіби-тұлғалық өзін-өзі іске асыруға дайын құзыретті педагогтарды даярлау жүйесін қайта қарауды талап етеді.

Осыған байланысты, білім беру бағдарламасы эмоциялық және әлеуметтік интеллектке, сыни және креативті ойлау дағдыларына, жаһандық сын-қатерлерге тез бейімделе білуге және т.б. ие кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған пәндер кешенін, оның ішінде инновациялық мазмұнды ұсынады.

Аталған білім беру бағдарламасын енгізу университет түлектеріне мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жаңартылған мазмұнды іске асыруға, жаһандық сын-қатерлер мен бәсекелестік жағдайында шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Нарық қажеттілігі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін жаңғырту шеңберіндегі басым міндеттердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің (ҰБДБ) статистикасы бойынша 2021 жылы мектепке дейінгі ұйымдар желісі 10871 бірлікті құрады, оның ішінде **7390** балабақша, 3481 шағын орталық, 60 санаторий балабақша, 48 арнайы балабақша, оларға 1 жастан 6 жасқа дейінгі 922 400 мыңнан астам бала барады.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі тәрбие жүйесінің педагог кадрларының саны және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагог қызметкерлердің саны, Ұлттық білім беру деректер базасының (ҰБДБ) деректері бойынша 2021 жылға 96 723 адамды құрайды, оның ішінде **62802** адамның (64,6%) жоғары білімі бар. Жоғары педагогикалық білімі барлардың тек **29703**-і (29,9%) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша жоғары білімі бар. **31952** (32,8 %) педагогтердің техникалық және кәсіптік білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша білімі 22732 (36,2%) адам. МДТО жүйесінде арнайы кәсіптік даярлығы жоқ ("Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша жоғары және техникалық және кәсіптік білімі бар) педагогтардың үлесі 23,8 % - составляет құрайды. 51% біліктілік санаты жоқ, бұл МДТО жүйесінің кадрлық әлеуетін арттыру туралы мәселенің өзектілігін көрсетеді. Нәтижесінде арнайы жоғары мектепке дейінгі білімі бар педагог кадрлардың қажеттілігі едәуір өсті.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	1) Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті (АҚШ); 2) Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе); 3) Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды); 4) Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда); 5) С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Өскемен); 6) Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана)
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	1) Мектепке дейінгі ұйымның психологы; 2) Дене шынықтыру жөніндегі инструктор

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі
Mississippi Valley State University - 71 %
Любляна педагогикалық университеті (Словения) – 69 %



Hogeschool Kempen – 92%;
Нигде Университеті (Түркия) – 74 %
Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті-94 %
А. И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті -94 %

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

- Білім беру бағдарламасының түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындайды:
- білім беру (педагогикалық);
 - мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басын тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қалыптастыру;
 - мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру процесін басқару;
 - педагогикалық қызмет нәтижелерін диагностикалау, түзету, болжау;
 - мектепке дейінгі білім беру саласындағы инновациялық тәжірибені зерделеу, жалпылау, тарату;
 - әлеуметтік-педагогикалық;
 - эксперименттік-зерттеу
 - ұйымдастырушылық-басқарушылық;
 - ақпараттық-коммуникациялық.

Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың тәрбиешісі
- мектепке дейінгі даму орталығындағы педагог;
- қосымша білім беру педагогы;
- жалпы білім беретін мектептің мектепалды сыныбының мұғалімі;
- педагогикалық колледж оқытушысы;
- мектепке дейінгі ұйымның әдіскері;
- білім беруді басқару департаментінде, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институттарында жетекші маман.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

Кәсіби құзыреттілік салалары

1. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес кәсіптік қызметті жүзеге асыруға қабілетті, оқытуды, дамытуды, тәрбиелеуді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды дараландыру үшін қажетті кәсіптік қызметте инновациялық технологияларды қолданады.
2. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы тәрбие-білім беру процесін, әртүрлі қызмет түрлерін (пәндік, танымдық-зерттеу, ойын, өнімді және т.б.), ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың өзара іс-қимылын жобалайды және іске асырады, қауіпсіз және психологиялық қолайлы дамыту ортасын құруға қатысады, баланың эмоциялық әл-ауқатын, балалардың еркін ойын дамыту мүмкіндіктерін, оның ішінде ойын уақыт пен кеңістік.
3. Міндеттерді талдайды, түсіндіреді, мектепке дейінгі білім берудің заңдылықтары мен үрдістерін анықтайды, педагогтың жоғары қоғамдық және моральдық рөлін түсінеді, кәсіби этика қағидаттарына сенімді, креативтілік, эмоциялық интеллект, жүйелі ойлау, икемді дағдылар көрсетеді, ақпаратты іздеуді, сыни талдау мен синтездеуді жүзеге асырады, қойылған міндеттерді шешу үшін жүйелі тәсілді қолданады.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 – Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 – Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3 – Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.



ОН 4 – Заттық-дамытушы және инклюзивті ортаны модельдейді, мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін жүзеге асырады.

ОН 5 – Мектеп жасына дейінгі балаларды тұлғаға бағытталған, интеграцияланған, денсаулықты сақтайтын, дамытатын оқыту негізінде мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-оқыту беру процесін құрастырады.

ОН 6 – Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік, математикалық, физикалық, танымдық, шығармашылық дамытуда ұйымдастырылған қызметін жоспарлайды және жүзеге асырады.

ОН 7 – Өзіндік зерттеу әрекетін жүзеге асырады, баланың жобалау жұмысын басқаруды жүзеге асырады.

ОН 8 – Мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-эмоционалды, когнитивті ортасын дамытуда отбасымен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатады.

ОН 9 – Мектеп жасына дейінгі балалардың жетістіктерін бағалау құралдарын таңдайды, мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие-оқыту процесінің сапа мониторингін жүзеге асырады.

ОН 10 – Инновациялық технологияларды талдайды және енгізеді, мектепке дейінгі білім берудің әлемдік тәжірибесін қолданады.

ОН 11 – Басқару қызметін жүзеге асырады; өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құрады.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11
ТА 1	+	+	+				+				
ТА 2		+	+					+			
ТА 3	+	+			+	+	+			+	
ТА 4		+	+	+					+		+
ТА 5				+	+			+		+	+
ТА 6			+	+	+	+		+	+	+	+

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

- 1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.
- 2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.



3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

3.1. КІТАПХАНА ҚОРЫ

Білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі студенттердің оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

6В01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ББ бойынша кітапхана қоры 2020 жылдың 1 мамырына 52813 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде - 39609 дана, орыс тілінде-12983 дана және шет тілдерінде-221 дана.

Университет кітапханасы білім алушылар мен ПОҚ-ға IPR books, Polpred, Alembook, Web of Science, Elsevier (Scopus) деректер базасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ҚР жоғары оқу орындарының электрондық білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапханаға (РЖЭК) қол жеткізу қамтамасыз етілді.

Білім беру бағдарламасының студенттері келесі ғылыми журналдарға қол жеткізді: «Бала мен балабақша», «Балдырған», «Мектепке дейінгі тәрбие», «Балабақша: тәрбие және оқыту», «Мектепке дейінгі тәрбие», «Мектепке дейінгі тәрбие», «Мектепке дейінгі оқыту», «Мектепке дейінгі білім» және т. б.

2010 жылдан бастап кітапхана ҚазҰҚПУ-дың студенттеріне дәстүрлі форматтағы (150-ден астам атау) магистрлік диссертациялардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді, олардың жартысы бүгінгі таңда PDF-форматқа ауыстырылды.

Сондай-ақ, студенттер 24/7 форматында әлемнің кез-келген нүктесінен компьютерден электрондық кітапханаға қол жеткізуді қамтамасыз ететін «ҚазҰҚПУ электрондық кітапханасы» қызметін пайдалана алады (сайт мекен-жайы: lib.kazmkpu.kz). электрондық кітапхана базасында студенттерге 10000-ға жуық толық мәтінді көздер, 1000-нан астам лицензияланған кітаптар, кітапхана қызметкерлері сканерлеген 6676 бірлік, ал 300-ге жуық кітап сирек қор көздеріне жатады.

3.2 КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Білім беру бағдарламасын Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы жүзеге асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ сандық және сапалық көрсеткіштері (базалық және бейіндеуші цикл пәндері):

ПОҚ жалпы саны – 25 адам, оның ішінде:

Ғылым кандидаттары - 8

Доктор PhD – 7

Магистрлер – 10

БББ дәрежелілігі - 60 %.

Кафедраның ПОҚ дәрежелілігі 60% құрайды. Профессор - оқытушылар құрамы үнемі ізденіс жұмыстарымен айналысады, өз тәжірибесінде мектепке дейінгі білім беру саласында болып жатқан жаңалықтарды қолданады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы РММ-мен белсенді ынтымақтасады.

Білім беру бағдарламасының профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары **Кадрлық анықтамалығында** көрсетілген.

3.3 МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

ББ бакалаврларын негізгі даярлау Алматы, Гоголь көшесі, 161 мекен-жайы бойынша орналасқан үш қабатты әкімшілік-оқу ғимаратында орналасқан. Оқу процесі үшін пайдаланылатын оқу-зертханалық базаның жалпы ауданы 2245,9 шаршы метрді құрайды. Арнайы оқу кабинеттері даярлау бағыттары (209, 210, 301, 304, 305, 306). Оқу корпусы еңбек құралдарымен және тиісті жабдықтармен жабдықталған: парталар, үстелдер; 5 интерактивті тақта, теле-бейне аппаратура бар. Оқу корпусы дайындық бағытындағы оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді.



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

Практика базалары:

№	Ұйымның (мекеменің) атауы	Келісімшарттың №, келісілген күні, айы, жылы
1	«Тамосик» балабақшасы	№16, 06.09.2021
2	«Коктобе» балабақшасы	№20, 06.09.2021
3	«№ 20 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	№4, 05.01.2021
4	«№152 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	№11, 03.08.2021
5	«№182 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	№5, 03.08.2021
6	«№93 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	№3, 03.08.2021
7	«№90 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	№39, 19.08.2020
8	«№3 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	№4, 03.08.2021

4.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның мазмұны	Іске асыру мерзімі	Жауаптылар
Оқу-әдістемелік бағыт			
1	Талаптарға сәйкес оқу бағдарламаларын, силлабустарды әзірлеу.	оқу жылы ішінде	кафедраның ПОҚ
2	Жұмыс берушілермен, студенттермен талқылау мазмұны ББ 6В01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу. 6В002 бағыты бойынша Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – Педагог. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі	оқу жылы ішінде	кафедраның ПОҚ
Ғылыми-зерттеу бағыты			
3	«Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу (жобалау) қызметін педагогикалық сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру» ғылыми жобасы	оқу жылы ішінде	Арзанбаева Б.О. Жубандыкова А.М. Байназарова Т.Б.
4	«Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту бойынша педагог-тәрбиешілерді консультациялық-әдістемелік сүйемелдеу» ғылыми жобасы (ҚР БҒМ)	оқу жылы ішінде	Арзанбаева Б.О. Жубандыкова А.М. Метербаева К.М.
5	ҚР БҒМ 2021-2023 жылдарға арналған «Білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың ғылыми негіздері» Ерте даму институтының ғылыми жобасы (ECERS-R шәкілі бойынша ҚР мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалауды әзірлеу)	оқу жылы ішінде	Арзанбаева Б.О.
6	Web of Science/ Scopus / Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті отандық, шетелдік және ресейлік ұйымдармен индекстелген ғылыми мерзімді басылымдардағы жарияланымдар.	оқу жылы ішінде	кафедраның ПОҚ
Тәрбие бағыты			
7	Қазіргі жастар мен қоғамның өзекті мәселелерін шешуге бағытталған стартап жобаларды әзірлеу	оқу жылы ішінде	Тайтелиева Л.Р.
8	Флеш-моб және акциялар өткізу	оқу жылы ішінде	кафедраның ПОҚ
Біліктілікті арттыру			



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

9	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру мәселелері бойынша онлайн-семинарларға қатысу	оқу жылы ішінде	кафедраның ПОҚ
10	ЖОО-да инновациялық технологияларды қолдану мәселесі бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту	оқу жылы ішінде	кафедраның ПОҚ
Кәсіптік бағдар беру жұмысы			
11	Кафедра оқытушыларының тәрбиешілерге, әдіскерлерге, мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына	оқу жылы ішінде	Арзанбаева Б.О. Жубандыкова А.М. Тайтелиева Л.Р. Иминова Ю.Б.
12	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс туралы шарттарды кеңейту	оқу жылы бойы	кафедраның ПОҚ